

"Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің шекара мәселелері бойынша ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылы туралы келісімді ратификациялау туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 11 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің шекара мәселелері бойынша ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің шекара мәселелері бойынша ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылы туралы келісімді ратификациялау туралы

2015 жылғы 10 шілдеде Уфада жасалған Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің шекара мәселелері бойынша ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылы туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің шекара мәселелері бойынша ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылы туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер

2006 жылғы 15 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің аумағына террористік, сепаратистік және экстремистік іс-әрекетке қатысы бар адамдардың кіру арналарын анықтау және жабу саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің ережелерін басшылыққа ала отырып, ұлттық заңнаманы және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған

қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып,
Тараптардың мемлекеттік шекараларын күзету және шекара маңындағы
аумақтарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық пен өзара
іс-қимылды нығайту мақсатында,
шекара саласындағы қатерлерге қарсы күреске бағытталған тиімді шараларды
қолдануда өзара мүдделілікті сүйене отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін онда қолданылатын ұғымдар мыналарды білдіреді :

«Шекаралық қызмет» - Тараптардың құзыретті органдарының мемлекеттік шекараны күзету және ол арқылы адамдарды, көлік құралдарын, тауарларды, жануарлар мен өсімдіктерді өткізу жөніндегі ұлттық заңнамаға сәйкес жүзеге асыратын қ ы з м е т і ;

«Шекара маңындағы аумақ» - әрбір Тараптың, Тараптардың заңнамасына сәйкес шекара қызметі жүзеге асырылатын мемлекеттік шекараға, шекаралық өзендерге, көлдерге және өзге де су айдындарына, теңіз жағалауына іргелес аумағы, сондай-ақ мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің аумақтары.

2-бап

Тараптардың осы Келісімді іске асыру үшін жауапты құзыретті органдары (бұдан әрі - құзыретті органдар) мыналар :

Қазақстан Республикасынан - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік к о м и т е т і

Қытай Халық Республикасынан - Қытай Халық Республикасының Қоғамдық қауіпсіздік м и н и с т р л і г і

Қырғыз Республикасынан - Қырғыз Республикасының Мемлекеттік шекара қызметі

Ресей Федерациясынан - Ресей Федерациясының Федералдық қауіпсіздік қызметі

Тәжікстан Республикасынан — Тәжікстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік м е м л е к е т т і к к о м и т е т і

Өзбекстан Республикасынан - Өзбекстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік қ ы з м е т і б о л ы п т а б ы л а д ы .

Тараптар өздерінің құзыретті органдарының өзгергені туралы дипломатиялық арналар арқылы депозитарийді дереу хабардар етеді.

Тараптардың құзыретті органдарының ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылын үйлестіруді Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы жүзеге асырады.

3-бап

Тараптар өзара мүдделерді ескере отырып, ұлттық заңнаманың, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормалары негізінде:

шекара маңындағы аумақтарда Тараптардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

Тараптардың құзыретті органдарының мемлекеттік шекараларды күзету саласындағы мүмкіндіктерін арттыру;

мемлекеттік шекараларда құқыққа қайшы әрекетті анықтауда, алдын алуда және оның жолын кесуде Тараптардың құзыретті органдарының күш-жігерін үйлестіру;

шекара маңындағы аумақта терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге, қарудың, оқ-дәрілердің, жарылғыш және улы заттардың, радиоактивті материалдардың, есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына, заңсыз көші-қонға және өзге де трансұлттық қылмысқа қарсы күресу;

Тараптардың шекаралық мәселелер бойынша шарттық құқықтық базасын дамыту мақсатында ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

4-бап

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл мынадай бағыттар:

келісілген шекаралық қызметті жоспарлау және жүзеге асыру;

а қ п а р а т а л м а с у ;

құзыретті органдардың кадрларын халықаралық шарттарға сәйкес кәсіптік даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

құзыретті органдар қызметінің Тараптардың өзара мүддесін білдіретін және ұлттық заңнамасына қайшы келмейтін басқа да бағыттары бойынша жүзеге асырылады.

5-бап

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл мынадай:

Тараптардың құзыретті органдарының өздерінің шекара маңындағы аумақтарында келісілген іс-шараларды өткізуі;

шекара маңы аумағындағы жағдай туралы, оның ішінде мемлекеттік шекара режимін бұзуға дайындықтар немесе жасалған бұзушылықтар туралы мәліметтермен, сондай-ақ шекара маңы аумағындағы құқыққа қайшы әрекет туралы өзге де ақпаратпен а л м а с у ;

мемлекеттік шекара режимін, шекара режимін және мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріндегі режимді қамтамасыз ету жөнінде тәжірибемен алмасу;

заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілермен, оның ішінде әрбір Тараптың өз мемлекетінің аумағына келу (кету) құқығына құжаттардың үлгілерімен,

шекара саласындағы қатерлерге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша әдістемелік ұ с ы н ы м д а р м е н а л м а с у ;
кеңестер, конференциялар, семинарлар және өзге де жұмыс кездесулерін өткізу нысандарында жүзеге асырылады.

6-бап

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру үшін Тараптардың құзыретті органдары басшыларының не олардың шекаралық мәселелер бойынша орынбасарларының отырыстары өткізіледі.

Көрсетілген отырыстар Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы Кеңесінде төрағалық етуші Тараптың басшылығымен жылына бір р е т т е н с и р е т п е й ө т к і з і л е д і .

Тараптардың бірінің құзыретті органының бастамасы бойынша кезектен тыс о т ы р ы с т а р ө т к і з і л у і м ү м к і н .

Қажет болған кезде отырыстар арасындағы кезеңде Тараптардың құзыретті органдары сарапшыларының жұмыс кездесулері өткізіледі.

Жедел өзара іс-қимыл жасау үшін Тараптардың құзыретті органдары өкілетті бөлімшелерді және байланыс тәсілдерін айқындап, бұл туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының Атқарушы комитетіне хабарлайды.

7-бап

Осы Келісім шеңберінде ақпарат алмасу Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының Атқарушы комитеті арқылы жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Ақпарат алмасу үшін Тараптардың құзыретті органдарының басшылары мен сарапшыларының кездесулері, іскерлік хат жазысу, ақпарат берудің техникалық құ р а л д а р ы п а й д а л а н ы л а д ы .

Осы Келісімді іске асыру барысында алынған ақпарат, осы ақпаратты берген құзыретті органның жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа берілмейді.

Ақпараттың құпиялылық дәрежесін беруші Тараптың құзыретті органы а й қ ы н д а й д ы .

Осы Келісім шеңберінде құпия ақпаратты беру және қорғау 2004 жылғы 17 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы шеңберіндегі құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету туралы келісімнің ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

8-бап

Осы Келісімді іске асыруға байланысты шығыстарды, егер өзгеше келісілмеген болса, Тараптар дербес өздері көтереді.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға байланысты туындайтын даулар мен келіспеушіліктер консультациялар және келіссөздер арқылы шешіледі.

10-бап

Осы Келісім шеңберінде ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде Тараптар жұмыс тілі ретінде қытай және орыс тілдерін пайдаланады.

11-бап

Осы Келісімге Тараптардың уағдаластығы бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

12-бап

Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хатшылығы осы Келісімнің депозитарийі болып табылады, ол Тараптарға оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

13-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы төртінші жазбаша хабарламаны депозитарий алған күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

Осы Келісімге қол қойған, қажетті мемлекетішілік рәсімдерді кейінірек орындаған
Тараптар үшін осы Келісім олардың тиісті хабарламаларын депозитарий алған күннен
б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

Әрбір Тарап болжамды шығу күніне дейін алты ай бұрын депозитарийге осы Келісімнен шығуы туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, одан шыға алады. Депозитарий шығу туралы мұндай хабарламаны алған күннен бастап 30 күн ішінде бұл ниеті туралы басқа Тараптарға хабарлайды.

Тараптың осы Келісімнен шығуы осы Келісімді орындау нәтижесінде туындаған оның құқықтарына және міндеттемелеріне әсер етпейді.

14-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін, Шанхай ынтымақтастық ұйымының мүшесі болып табылатын кез келген мемлекеттің оған қосылуы үшін ашық.

Қосылған мемлекет үшін осы Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Депозитарий қосылған мемлекетке қатысты осы Келісімнің күшіне енген күні туралы Тараптарды хабардар етеді.

2015 жылғы 10 шілдеде Уфа қаласында орыс және қытай тілдерінде бір данада жасалды әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан	Республикасы	үшін
Қытай Халық	Республикасы	үшін
Қырғыз	Республикасы	үшін
Ресей	Федерациясы	үшін
Тәжікстан	Республикасы	үшін

Өзбекстан Республикасы үшін

Шанхай ынтымақтастық ұйымы Хатшылығының 2015 жылғы 10 шілдеде қол қойылған Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің шекара мәселелері бойынша ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылы туралы келісімнің куәландырылған көшірмесінің мемлекеттік тілдегі ресми емес аудармасын растаймын.

Қазақстан	Республикасы
ҰҚК	Шекара қызметі
Шекара қызметі	Шекаралық
ынтымақтастық	Басқармасының
бастығы полковник	Д. Оралбаев